КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

ШЕШІМ

2025 жылғы 11 қыркүйек Іс №3514-25-00-2/3211 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты:
төрағалық етуші судья А.Т.Муталяпова,
сот отырысының хатшысы А. М. Булумбаеваның,
ашық сот отырысында талап қою жөніндегі азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
«PFA company» жауапкершілігі шектеулі серіктестік

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор К.С.Сарбаева
талап қоюшының өкілі К.Н.Уалиханов
жауапкердің өкілдері А.А.Нурманов, А.А.Каиргалиев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

8 ақпан 2025 жылы «Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ММ, тапсырыс беруші) мен жеке «PFA company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – ЖШС, орындаушы) арасында құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №93 шарт жасалды (бұдан әрі – Шарт).

Шарт бойынша - жауапкер іргелес аумағы бар Теміртау қаласы әкімдігі ғимаратының жертөле үй-жайын кешенді техникалық тексеру жұмыстарын орындауға міндеттелген.

Шарттың сомасы – 4 849 600 теңге.

Жұмыстарды орындау мерзімі – шарт талаптарына сәйкес ақпан-маусым айларына белгіленген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкермен 2025 жылы 15 шілде сарапшамалық қорытынды ұсынылған, бірақ елеулі кемшіліктеріне байланысты талап қоюшымен қабылданған жоқ. Шартта көзделген міндеттемелердің орындалмауына орай, тапсырыс беруші орындаушыны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінді.

ЖШС талап қоюға қарсы пікірінде ММ-нің талабының қараусыз қалдарылуға жататындағын көрсеткен. Біріншіден: бұл талаптың негіздемесі – сарапшылардың мөрлері мен қолдарының болмауы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 қарашадағы №702 бұйрығының 16-тармағына сәйкес, ғимараттар мен құрылыстардың беріктігі мен орнықтылығына техникалық тексеру жүргізу туралы сараптамалық қорытындыны аттестатталған сарапшы қол қояды, жеке мөр қойылады және ұйым басшысы бекітеді. Яғни, барлық сарапшылардың мөрі қажет емес, ұйымның жеке мөрі жеткілікті. Деген мен тапсырыс берушінің сынына байланысты жауапкер барлық сарапшылардың мөрлері мен қолдарын қойды. Екіншіден:талап қоюшының тағы бір уәжі – «ЛИРА-САПР 2024» бағдарламасы бойынша есептердің болмауы. Алайда, іс материалдарымен бұл уәжжоққа шығарылады. Алдымен есептер «ЛИРА-САПР 2022» бағдарламасында жасалды, кейін «ЛИРА-САПР 2024» бойынша жаңа қорытынды әзірленіп, талап қоюшыға «Қазпошта» АҚ арқылы жіберілді.Үшіншіден:8.04.2025 жылда ЖШС талап қоюшымен мемлекеттік сатып алу шартына қол қойды. Бірақ шартта оның қолданылу мерзімі көрсетілмеген. Техникалық ерекшелікте тек 2025 жылы ақпаннан маусымғадейінгі мерзім көрсетілген. Демек, шарт қазіргі күнге дейін өз күшінде, сондықтан талап қоюшының сотқа қандай негізде жүгінгені түсініксіз. Жоғарыда баяндалғандарға байланысты талап қоюды толық көлемде қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады. Түсініктемелерінде жауапкердің өзіне алған міндеттемелерін орындамағанын, Шартқа қол қойып, техникалық сипаттамалармен танысқанын, жауапкерден міндеттемелерді орындау мерзімі ішінде қосымша құжаттар беру туралы өтініштер мен сұраулардың түспегенін айтты.

Сот отырысында жауапкердің өкілдері қарсы пікірлерінде көрсеткен уәждерін қолдады, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 271-бабына сәйкес, міндеттемелер шарттан туындайды.

АК-тің 272-бабына және 277-бабына сәйкес, міндеттеме міндеттеменің шарттары мен заңнаманың талаптарына сәйкес, белгіленген мерзімде және тәртіпте тиісінше орындалуы тиіс.

АК-тің 386-бабының 1 және 3-тармақтарының күші бойынша, шарт оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады (АК 393-бабы). Егер заңнамада немесе шартта шарттың әрекет ету мерзімі

Документ подписан: Мутаяпова А. Т., 18.09.2025

Дата вступления в законную силу: 05.11.2025, судья Мутаяпова А. Т., 11.11.2025

3514-25-3-1/3790

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

белгіленген болса, онда осы мерзімнің аяқталуы тараптардың шарт бойынша міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеледі.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң), даулы құқықтық қатынастар кезіндегі қолданыста болған, 8-бабының 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

«Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығының 414, 476-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Сотпен, аталған іс бойынша мемлекеттік сатып алу бағалық ұсыныс әдісімен жүзеге асырылғаны анықталды.

Осылайша, мемлекеттік сатып алуға қатысқан орындаушы, тапсырыс берушімен Шартта қол қойған кезде, Шартта белгіленген мерзімдерде оның қосымшаларына сәйкес міндеттемелерін орындауға келісім берген және оны өз мойнына алған.

Шарттың 2.1 тармақтарына сай, орындаушы осы Шарттардың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты (жұмыстарды) орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған жұмысты (жұмыстарды) қабылдауға және орындаушы Шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттардың талаптарында ақы төлеуге міндетті, егер орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындаса.

Шарттың 4.1 тармағына сәйкес орындаушы шарт бойынша алған міндеттемелерін толық және дұрыс орындауға міндеттенді.

Шартқа сәйкес, тараптар жұмыстарды көрсетудің мерзімін ақпан - маусым деп белгілеген, демек, жұмыстарды көрсету мерзімі 30 маусым 2025 жылы аяқталуы тиіс, техникалық сипаттамаларға сәйкес жұмыстарды көрсетілмеген, тапсырыс берушіге тапсырылмаған, бұл жағдайлар жауапкер тарапынан жоққа шығарылмады.

Жауапкер Шартта көзделген міндеттемелерін орындамаған, іргелес аумағы бар Теміртау қаласы әкімдігі ғимаратының жертөле үй-жайын кешенді техникалық тексеру иәсті дәрежеде орындалған жұмыстарды талап қоюшыға ұсынбады, Шартты 2025 жылдың 1 қыркүйекте біржақты бұзылғанын және Шарттың бұзылуын жауапкер даусыз қалдырған.

Документ подписан: Муталяпова А. Т., 18.09.2025

Дата вступления в законную силу: 05.11.2025, судья Муталяпова А. Т., 11.11.2025

3514-25-3-1/3790

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 «Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы соттардың қолдануы туралы» нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жеткізушілерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаптарды қарау кезінде соттар жеткізушінің кінәсін азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде ескеруі тиіс, сондай-ақ тапсырыс беруші үшін әділдік және ақылға қонымдылық критерийлеріне сәйкес теріс салдарлардың орын алғанын ескеріп, АК-нің 359-бабына сәйкес теріс салдарлардың тапсырыс берушіге келтірілген залалдың салдарынан маңызды түрде шарт жасасқан кезде күткен нәтижеге қол жеткізе алмауы ретінде қарастырылады (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Жауапкердің мемлекеттік сатып алуларға жосықсыз қатысушыны тануға қажетті белгілердің жоқтығы туралы және объективті жағдайлардың бары туралы уәждері негізсіз болып танылады, өйткені бұл жағдайлар дәлелденген жоқ.

Жауапкер екінші және үшінші кезең бойынша ғана жұмыстарды орындағанын, сондай-ақ тапсырыс берушімен ауызша келісім бойынша бір қатар жұмыстарды екінші кезеңге ауыстырғанын даулаған жоқ. Шарт жасасу сәтінде бірінші кезең бойынша жұмыстарды орындау мерзімі өтіп кеткен болатын.

Сондай-ақ жауапкер «ЛИРА-САПР» бағдарламасы бойынша есептерді тапсырыс берушіге тек 2025 жылғы тамыз айында ғана жібергенін даулаған жоқ, ал жұмыстарды орындау мерзімі 2025 жылғы 30 маусымда аяқталған.

Осы мән-жайларда жауапкердің міндеттемелерді тиіс орындағаны уәждері өз дәлелін таппады, қайта орындаушының өз құжаттарымен теріске шығарылды.

Тараптар шарт екінші жеңімпаз бен жасалғанына байланысты, орындау мерзімдерін ұзарту жөнінде шарт талаптарына өзгерістер енгізілмегенін, сондай-ақ орындаушыдан мұндай өтініштердің түспегенін даулаған жоқ.

Талап қоюшының өкілі жауапкер шарт жасалғанға дейін техникалық ерекшелікпен танысқанын және шартқа қол қою арқылы барлық талаптарды толық көлемде және белгіленген мерзімде тиісінше орындау жөніндегі міндеттемелерді қабылдағанын көрсетті.

Аталған талап қоюшының уәждері шарт талаптарына сәйкес келетіндіктен, сот оларды негізді деп қабылдайды. Істі қарау барысында шарт дауланбаған және жарамсыз деп танылмаған.

Техникалық ерекшелік шарттың ажырамас бөлігі болып табылады, сондықтан орындаушы шарт талаптарын тиісінше орындауға міндетті болды.

Бұдан басқа, шарт біржақты тәртіпте бұзылды, шартты бұзу дауланбаған.

Аталаған жағдайларға байланысты сот, жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерді орындамағанын, жұмыстарды белгіленген мерзімде тапсырыс берушіге тапсырмағанын және өткізбегенін, тапсырыс беруші оларды қабылдамағанын, орындалған жұмыстар актілерінің жасалмағаның анықталды, сондықтан Заңның 8-бабына сәйкес, талап қошының талабы негізді деп танылады.

Сондай-ақ, жауапкер Шартты жасаған күннен бастап 2025 жылы 30 маусымға дейін міндеттемелерін толық және дұрыс орындауға міндеттенді, бұл

Документ подписан: Мутаяпова А. Т., 18.09.2025

Дата вступления в законную силу: 05.11.2025, судья Мутаяпова А. Т., 11.11.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мерзім тараптар тарапынан ұзартылмаған және Шарттың осы бөлігі бойынша тараптар шарттарды өзгертпеген.

АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, егер заңнамамен немесе шартпен өзгеше көзделмесе, борышкер міндеттемені орындамауына немесе тиісінше орындамауына кінәлі болған жағдайда жауапты болады.

Сот отырысында талап қоюшының дәлелдері жоққа шығарылмады, ал жауапкер өз әрекеттерінің дұрыстығын айқындайтын дәлелдер ұсынбады. Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 72-бабына сәйкес, әр тарап өз талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайларды дәлелдеуі тиіс.

Талап қою мерзімі Заңмен белгіленген тәртіпте талап қоюшымен сақталған.

Осы мән-жайларға байланысты, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді деп танылып, қанағаттандырылуға жатады.

Талап №2

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

АК-нің 298, 359 - баптарына сәйкес, міндеттемені бұзғаны үшін борышқор жауапқа тартылатын жағдай болған кезде міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны үшін айып өндіріп алынады (осы Кодекстің 359-бабы).

Борышқор кінәлі болған кезде, егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді.

Шарттың 8.3 тармағына сәйкес, жұмыстарды орындау мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші орындаушы міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда орындаушыдан мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімақы) ұстап қалады (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 % артық болмауы тиіс.

Талап қоюшымен жауапкерден 135 789 теңге тұрақсыздық айып талап етілді.

Істі қарау барысында, талап қоюшының өкілі тұрақсыздық айыптың 135 789 теңге (4 849 600 теңге х 0,1% х 28 күн (1.07.-28.07.2025ж.) құрайтынын мәлімдеді, есебі тексерілді, дұрыс деп саналады.

Сонымен, аталған заң нормаларына сәйкес, жауапкердің шарттың орындалмағанын ескере отырып, талап қою толықтай қанағаттандырылуға жатады.

Документ подписан: Мутаяпова А. Т., 18.09.2025

Дата вступления в законную силу: 05.11.2025, судья Мутаяпова А. Т., 11.11.2025

3514-25-3-1/3790

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкердің сот шығындарын өндіру туралы өтініші АПК-нің 109-бабына сәйкес қанағаттандыруға жатпайды.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сәйкес, талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж жауапкерден 4 074 теңге мөлшерінде өндіріп алынады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот, АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Теміртау қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жауапкер «PFA company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыпты өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«PFA company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«PFA company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жергілікті бюджет есебіне 135 789 (бір жүз отыз бес мың жеті жүз сексен тоғыз) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін және 4 074 (төрт мың жетпіс төрт) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Шешімге ол түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар, өздеріне шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап, бір ай мерзім ішінде АПК-нің 403, 404 баптарының талаптарына сәйкес, Қарағанды облыстық сотының апелляциялық сот алқасына Қарағанды облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты келтірілуі мүмкін.

Судья А.Муталяпова

Көшірмесі дұрыс:

Судья А. Муталяпова

Документ подписан: Муталяпова А. Т., 18.09.2025

Дата вступления в законную силу: 05.11.2025, судья Муталяпова А. Т., 11.11.2025

3514-25-3-1/3790